

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 шілдедегі N 638 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге қатысты мемлекеттік меншік түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 41, 371-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Алматы қаласының коммуналдық меншігіне берілетін объектілердің тізбесінде:

реттік нөмірі 124-жол алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік республикалық меншікте қалатын ұйымдардың, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерінің тізбесінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 648-жолмен толықтырылсын:

" 6 4 8 . Р е с п у б л и к а л ы қ  
қ а з а қ т і л і м е н ә д е б и е т і н  
т е р е ң д е т і п о қ ы т у м е к т е п -  
и н т е р н а т ы " м е м л е к е т т і к  
м е к е м е с і н і ң ғ и м а р а т т а р

кешені Достық даңғылы, 272 а-үй".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*